

Раимбердиева Дилрабохон Сайдыккрамовна

*Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс магистранты, ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент м.а. Исманова Р.Ж.
Шымкент, Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ұрпақ тәрбиесі барлық уақытта әр қоғамның өзекті мәселесі болып келеді. Осы жас ұрпақты болашаққа жетелейтін білім мен тәрбие жолы екендігі сөзсіз. Тәрбие мен білім беру – ажырамас ұғым. Тәрбиенің басты құралы – іс пен сөз және екеуі өзара байланысын үзбеуі шарт.

Әдебиеттерде қарым-қатынастың пәні, қарым-қатынасты жүзеге асыруды қажетсіну, қарым-қатынас құрудағы мотивтер, қарым-қатынас әрекеті, міндеттері, құралдары мен нәтижесі де қарым-қатынас элементтері ретінде қарастырылды.

Осы орайда В.С.Агеев, А.А.Бодалев сынды ғалымдар топ ішіндегі және өзара қарым-қатынас механизмдерін көрсетіп, оларға эмпатия, идентификация, децентрация, рефлексия, стереотипизация, каузалды атрибуция, ореол эффектін жатқызады.

Қарым-қатынас компоненттерінің дамуы, өзгерісі нәтижесінде интегралды, тұтас құрылым пайда болады. Ол коммуникативті іс-әрекеттің даму деңгейін анықтайды. А.В.Запорожец, М.И.Лисина бұл ерекше құрылымдарды «қарым-қатынас онтогенезінің сатылары», «қарым-қатынас формалары» деп атаған.

М.И.Бобнева қарым-қатынас барысында жеке адамның ішкі жан-дүниесі қалыптасатындығын қарым-қатынас формаларын зерттеу арқылы көз жеткізген.

Көп ретте қарым-қатынас жайлы қарастырғанда «қарым-қатынас стилі» деген басқа адамдардың байланыс жасау тактикасын, не болмаса позициясын айтады (Х.Т.Шерьязданова, Т.Н.Суркова).

В.С.Мухина қарым-қатынас стилін психологиялық әсер етудің дара типологиялық ерекшелігі деп түсіндірді. 1930 жылдары Н.Левин қарым-

қатынас стилінің 3 түрін ұсынғанды. Осыдан соң Р.Липрит, К.Уйтд қарым-қатынас стилінің авторитарлық, демократиялық және либералды-босаң деген классификациясын жасаған.

М.П.Шульц бойынша қарым-қатынастың пәні – қарым-қатынаста субъект рөлінде болатын басқа адам, яғни қарым-қатынас жасаудағы жұптас адам болады.

Қарым-қатынасты зерттеу мәселесімен айналысушы ғалымдардың көпшілігі (А.Г.Ковалев, М.И.Лисина, А.В.Петровский, К.Обуховский, В.С.Мусина) адамдардың қарым-қатынасты жүзеге асыруын қажетсіну, басқа адамдарды танып-білуге ұмтылу, ниет білдіру ерекшеліктерін тағайындаған.

М.И.Лисина, А.Г.Рузская, С.Д.Мещерякова және т.б еңбектерінде қарым-қатынас мотиві «затталған қажеттілік» деген А.Н.Леонтьев түсіндірмесіне негізделіп, адамдардың қарым-қатынаста танымдық іскерлік және бас мотивтері болатындығы, баланың коммуникативтілік мотивтерінің топтары мен генезисі сипатталады.

М.И.Лисинаның қарым-қатынас құралдарының 3 тобын экспрессивті-мимикалық, заттық-әрекеттік және тілдік құралдарына бөліп қарастыруы біздің зерттеуіміз үшін де маңызды.

Қарым-қатынас анықтамасындағы (М.И.Лисина бойынша) оның жалпы нәтижесі ретінде қарым-қатынастан шығатын материалдық және рухани сипаттағы құрылым алынды. Нақтыласақ, жалпы нәтиже – өзара қатынас (Я.Л.Коломинский), таңдамалы бауырластық (С.В.Корницкая, Р.А.Смирнова), қарым-қатынас субъектілерінің бейнесі (А.А.Бодалев, Н.Н.Авдеева, А.Н.Силвестру) деп қарастырды.

Біздің зерттеу жұмысымызда бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас сферасындағы стиль ұғымын, ересектердің, ата-аналардың, педагогтардың балаға психологиялық әсері туралы тағайындаймыз.

Қарым-қатынас қажеттіліктері, мотивтері, тәсілдері, құралдары, формалары, стильдері кіші мектеп жасындағы баланың қарым-қатынасын жетілдіру, коррекциялау мәселелері үшін аса мәнді. Қарым-қатынастың топтық

жағдайдағы әлеуметтік-психологиялық эффектiлерiн, механизмдерiн талдау мақсатымен В.С.Агеев теориялық және эмпирикалық зерттеу жүргізген.

Педагог ғалымдардың қарым-қатынасты зерттеулерінде өзiндiк бағыт бар. Мұнда баланың психикалық дамуы, жетiлуi, нақты бiр бiлiм, дағды және бiлiктiлiктi игеруi қарым-қатынас арқылы iс-әрекет барысында жүзеге асатындығы аксиома ретiнде саналады. Осы мәселеге кезiнде А.В.Луначарский, Н.К.Крупская, С.Т.Шацкий, А.С.Макаренко және т.б аса көп назар аударған. А.В.Луначарский тәрбиенiң терең жолдастық қатынасқа негiзделуiн бала тәрбиесiндегi басты принцип болу керек деп көрсеткен.

Оқу-тәрбие жұмысының нәтижесi болуын қамтамасыз ететiн педагогикалық техникалық құрамдас компонентiне Н.К.Крупская қарым-қатынасты жатқызған.

А.С.Макаренко қарым-қатынасты жеке теориялық мәселе ретiнде қарастырған жоқ. Алайда оның еңбектерiнде ұжымның қалыптасуындағы қарым-қатынастың рөлi ұжымдағы iскерлiк және жеке қатынастар мәселелерi балалар ұжымымен өзара әрекет жасау аспектiлерi айқын сипатталады. Олай болса, қарым-қатынас бiрiншiден оқу мiндеттерiн шешу құралдары, екiншiден тәрбие үрдiсiн әлеуметтiк-психологиялық қамтамасыз ету шарты, үшiншiден, оқу мен тәрбиенi нәтижелi ететiндей тәрбиешi мен баланың өзара қатынасын ұйымдастыру тәсiлi болады.

В.А.Сухомлинский еңбектерiнде оптималды (тиiмдi) қарым-қатынас оқыту мен тәрбиенiң басты мәселесi болып көтерiледi. Ол ұжым мүшелерiнiң бiр-бiрiмен қарым-қатынас жасауды қажетсiнуiн жатқызады. Адамның психикалық дамуы басқа индивидтермен қарым-қатынас, байланыс жасау арқылы психологиялық жағынан бағаланып, талданады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бодалев А.А. «Формирование понятия о другом человеке как о личности», Л., 1970
2. Бобнева М. И. Социальные нормы и регуляция поведения / Бобнева Маргарита Исидоровна.- М.: Наука, 1978. – 310 с.